

**“Ақтөбе қаласы білім бөлімі”ММ
“№34 орта мектебі”КММ-нің
өзін-өзі бағалауының қорытынды
анықтамасы**

Мектеп туралы ақпараттық мәлімет

Мектеп салынған жыл:

1962 жыл

1991 жылдан бастап

	№34 орта мектебі болып құрылған
Жобалық қуаты:	520 орын
Лицензия нөмірі:	№14016021
Мекен-жайы:	Әбілхайырхан көшесі 7
Факс:	-
Электронды адрес:	school34@mail.ru
Мектеп сайты	https://34school.kz/index.html
Оқушылар саны:	580
Класс саны:	26
Даярлық тобы:	2
Мұғалімдер саны:	54
Жоғары санатты мұғалімдер саны:	6
Педагог зерттеуші	10
Бірінші санатты мұғалімдер саны:	3
Педагог-сарапшы	12
Екінші санатты мұғалімдер саны:	5
Педагог-модератор	4
Санаты жоқ мұғалімдер саны:	14
Кабинеттер саны:	19
Интерактивті тақтамен жабдықталған кабинеттер:	Физика, информатика, химия, мультимедиа, биология, қазақ тілі, бастауыш класс
Спортзал:	1
Медпункт:	1
Асхана:	1
«Алтын белгі» иегерлері:	11 «А» класс оқушысы: Ахметова Жансая Ақулановна Ермағамбет Мирас Маратұлы Иманғалиева Ақмарал Бериковна Құмарова Айтанық Дарханқызы Тынышқали Гүлназ Медетқызы

**2018-2021 жылдардағы Ақтөбе қаласындағы № 34 орта мектебінде
жүргізілген оқу-тәрбие жұмысының жылдық талдауы**

Педагогикалық талдаудың мақсаты:

2018-2021 жылдарының 3 жылдық жұмысын талдау арқылы педагогикалық ұжыммен жүргізілген жұмыстарды сараптау, жетістіктерін атап көрсету, кемшіліктерін саралау, жалпы баға беру жаңа оқу жылының міндеттерін белгілеу.

Талдау бағыттары:

1. Мектеп проблемасы, оны шешуге бағытталған іс-шаралар (Педагогикалық, әдістемелік, тәрбиелік)
2. Педагогикалық ұжымның сапалық құрамы, аттестация, кәсіби біліктілігін көрсету.
3. Білім мазмұнын жаңартуға бағытталған инновациялық жұмыстардың жағдайы мен тиімділігі.
4. Бейіндік оқыту жағдайы.
5. Педагогикалық және әдістемелік кеңестің әрекет етуі, тиімділігі.
6. Мектепшілік бақылау қызметі.
7. Педагогикалық ұжым мен оқушылар ұжымының сыртқы ортамен байланысы. Тәжірибе тарату.
8. Дарынды оқушылармен жүргізілген жұмыстар.

№ 34 орта мектебінің алдында тұрған проблемасы:

Мектептің әдістемелік жұмыс тақырыбы: Жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асыру мен білім берудің жаңа парадигмасына көшу жағдайында оқытудың тиімді стратегияларын қолдана отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру

Мақсаты: Жаңартылған білім беру аясында оқу-тәрбие, әдістемелік жұмыстарды жоғары кәсіби деңгейде ұйымдастыра отырып, мұғалімдердің педагогикалық біліктілігі мен теориялық білім деңгейін көтеру, оқытудың тиімді стратегиясын қолдануға ықпал ету

Мектептің әдістемелік проблемасы:

Жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асыруда оқытудың тиімді стратегияларын қолдана отырып, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру, сапалы білім беруге қол жеткізу.

Міндеттері:

1. Әдістемелік апталықтар мен шараларды сапалы әзірлеп өткізу және олардың мектеп басшылары мен мұғалімдерінің педагогикалық шеберлігін жетілдірудегі ролін көтеру.
2. Сабақтың барлық түрлерінің жоғары әдістемелік деңгейде өтуін қамтамасыз ету.
3. Жаңартылған білім беру технологиялары бойынша ұжымдық оқытуды ұйымдастыру.
4. Білім берудің жаңа парадигмасын енгізу арқылы сабақтардың сапасын көтеру.
5. Мұғалімдердің еңбегін кәсіби басылымдарда жариялау ісін одан әрі жалғастыру.
6. Кабинеттердің көрнекіліктерін жаңарту, материалдық базасына көңіл бөлу.
7. Мұғалімдердің дарынды балалармен жұмыс жүргізудегі тәжірибелерін одан әрі шыңдай түсу.
8. Оқулық, әдістемелік және дидактикалық материалдар әзірлеу.
9. Шығармашылықпен жұмыс істейтін ұстаздардың тәжірибесін жинақтау және тарату.
10. Жас мұғалімдердің кәсіптік шеберлігін көтеру жұмыстарын ұйымдастыру.
11. Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру мен олардың есебін жүргізу құжаттарын реттілікте ұстау.

Оқу-тәрбие үрдісінде педагогикалық жаңалықтарды енгізу төмендегідей кезеңдерге бөлінген болатын:

I кезең. Жаңа идеяны іздеу. Ақпараттандыру және инновацияларды ұйымдастыру, жаңалықтарды іздестіру.

II кезең. Жаңалықтарды ұйымдастыру. Оқу-тәрбие үрдісінде жаңалық енгізулерді алғашқы байқаудан өткізу, ұйымдастыру және кеңес алу.

III кезең. Жаңалықтарды енгізу. Оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.

IV кезең. Жаңалықтарды бекіту. Оқу-тәрбие үрдісінде енгізілген жаңалықтар нәтижесін бағалау.

Жоғарыда аталған мақсат-міндеттер аталған оқу жылында өз деңгейінде жүзеге асты деуге толық негіз бар. Мектептің бір жылдық жұмыс жоспары мына бағыттарды қамтыды:

- Нормативтік-құқықтық құжаттар;
- Оқу-тәрбие үрдісіне басшылық;
- Мектепшілік бақылау;
- Педкадрмен жұмыс;
- Материалдық-техникалық базаны нығайту;
- Оқушылармен жұмыс.

Жалпыға бірдей білім беру

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық

ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әр түрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Қазақстан жаңа ғасырға дүние жүзі елдері қатарында терезесі тең ел ретінде келіп отыр. Жаңа ғасырды бастаған ұрпақ келер ұрпаққа қарыздар болып қалмас үшін қолдан келген игіліктерді жасайтыны анық. Білімі мол, рухани байлығы бар халықтың ұл-қыздары ешқашан жүдемесі хақ. Біздің басты байлығымыз – білім.

Қазіргі жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесі қандай дәрежеде болса, еліміздің ертеңі де сондай дәрежеде болмақ. Сондықтан қоғам талабына сай, қоғамды көркейтегін, дамытатын «Білім – теңіз, мектеп – кеме». Білім нәрімен сусындап, оның құпиясын аша білу – күрделі де қиын іс.

Мектебіміздің 2020-2021 оқу жылындағы жоспарын құру кезінде

Мектепалды даярлық кластары бойынша

ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылды.

Бастауыш кластардың жаңартылған білім мазмұны бойынша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру деңгейінің стандарты, 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 1-қосымшасы); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); негізге ала отырып жүзеге асырылды.

2020-2021 оқу жылында Республиканың жалпы білім беретін мектептерінің 3 және 4-сыныптарында «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнін оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына (188-2к қосымша) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына 4-қосымша) сәйкес жүргізілетін болады. 1 сыныптарда «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнін енгізу Білім және ғылым министрлігінің 30.07.2020-ғы № 5-11-3/2798-И шығыс хаты негізінде тоқтатылды.

5-9-кластарда жаңартылған білім беру мазмұны бойынша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрықпен «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде 9- сыныпқа арналған «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсының оқу бағдарламасы негізінде, «Абайтану» курсы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы арқылы жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығымен бекітілген 5-9 кластарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Дене шынықтыру" оқу курсының шеңберінде жылдық оқу жүктемесі 15 сағаттан дене шынықтыру мұғалімдерінің оқытуымен іске асырылады.

8«А» класында «Химия», «Физика», 8«Ә» класында «Биология», «Информатика» пәндерін, 9«А» класында «Химия», 9«Ә» класында «Физика», «Информатика», 10«А» класында «Физика» пәнін ағылшын тілінде оқыту элементтерін кіріктіріп оқыту жүзеге асырылады, 8«А» класында «Химия», «Физика», 8«Ә» класында «Биология», «Информатика» пәндерін, 9«А» класында «Химия», 9«Ә» класында «Физика» пәніне вариативті бөлімнен сағат бөлінді.

10 – 11-кластарда жаңартылған білім беру мазмұны бойынша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604

бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 3 сәуірдегі № 352 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндері бойынша негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары (2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша енгізілген өзгерістермен») негізінде жүзеге асырылды.

Оқу жоспарында оқу жүктемесінің инвариантты және вариативті компоненттері нақты белгіленген. Оқушылардың танымдық мүмкіндіктері, қызығушылықтары ескеріліп, факультативтік, қолданбалы және таңдау курстары жүзеге асырылып отыр.

ҚР-ның «Балаларды мектепалды даярлау» қаулысына сәйкес мектепте 2 мектепалды даярлық класы ашылды. Бұл топта 29 бала даярланды.

Бекітілген мөлтек аудандағы оқушылардың жаппай біліммен қамтамасыз ету міндетін орындауда 6 – 17 жас аралығындағы оқушылар мектепте оқуға толық тартылды.

Мектепшілік бақылау

Мектептің жылдық жұмыс жоспарының негізгі бір бағыты – мектепшілік бақылау. Оқу жылы барысында жоспарға сәйкес түрлі жұмыстар жүргізіліп, нәтижесі дер кезінде сараланды. Қорытындысы талқыланып, есеп, талдау, анықтамалары жинақталды.

I. Қатаң есептегі кітаптарды жүргізу жұмысы

(Аттестат, мақтау қағазы мен мақтау грамоталарын тіркеу және беру кітаптары)

Жалпы орта білім туралы аттестаттарды есепке алу және беру кітабы қорытынды шыққаннан кейін жүргізілді. ҚББ-нен алынған ЖОБ 1781968-11781990 номерлі 23 аттестат, ЖОБ 0060596-0060600 номерлі 5 «Алтын белгі» аттестаты, ЖОБ 0044380-0044383 номерлі 4 үздік аттестаты кіріс және шығыс арқылы рәсімделген. Беру негізі 11.06.2021 жылғы №9 педагогикалық кеңеспен көрсетілген. Орта мектепті бітірген 32 оқушының аттестатты алғандығы туралы қолтаңбалары қойылған. аты-жөні төлқұжатқа сай жазылған. Кітапқа түсірілген оқушы бағалары класс журналындағы бағаларға сәйкес. Боялған, түзетілген деректер анықталған жоқ. Жалпы кітаптың жүргізілуі таза, ұқыпты.

Негізгі орта білім туралы аттестаттарды есепке алу және беру кітабы қорытынды шыққаннан кейін жүргізілді. ҚББ-нен алынған НОБ 1164560 - 1164605 номерлі 46 аттестат кіріс және шығыс арқылы рәсімделген. Беру негізі 08.06.2021 жылғы №8 педагогикалық кеңеспен көрсетілген. Негізгі мектепті бітірген 46 оқушының аттестаттарды алғандығы туралы қолтаңбалары қойылған. Оқушылардың аты-жөні туу туралы куәлікке сәйкес жазылған. Кітапқа түсірілген оқушы бағалары класс журналындағы бағаларға сай. Жалпы кітаптың жүргізілуі таза, ұқыпты. Боялған, түзетілген деректер анықталған жоқ.

Мақтау қағазы мен мақтау грамоталарын есепке алу және беру кітабына 2020-2021 оқу жылының соңында 3194836-3194838, 3390670-3390681 номерлі 15 дана және 3511691- 3511790 номерлі 100 дана мақтау қағазы кірістелді. Кірістелген мақтау қағазының 85-і оқу жылының қорытындысында үздік біліммен аяқтаған 1-8, 10-класстың оқушыларына берілді, яғни 3511691-3511775 номерлі мақтау қағаздары шығыспен, ал қалған 3194836-3194838, 3390670-3390681, 3511776-3511790 номерлі 30 дана мақтау қағазы қалдық ретінде рәсімделді. Жалпы орта мектепті бітірген оқушыларға жекелеген пәндер бойынша жетістіктері үшін мақтау грамотасы берілген жоқ. Мақтау қағазын алған оқушылардың мақтау қағазын алғандығы туралы қолтаңбалары түсірілді.

Қорытынды: Қатаң есептегі кітаптардың толтырылуы іс құжаттарды жүргізу талаптарына сай.

II. Алфавиттік кітап

Мектептің қатаң үлгідегі құжаттарының бірі – алфавиттік кітап. Мектептің жұмыс жоспарында бұл құжатты тексеру қазан, ақпан, маусым айларына жоспарланды және жоспарға сәйкес тексеріліп, анықтамалары жинақталды. Алфавиттік кітаптағы оқушы саны мектеп контингентіне (580 оқушы) сай екендігі анықталды. Сонымен қатар алфавиттік номерлер оқушының жеке іс қағазындағы алфавиттік номерлерге толық сәйкес болды. «Келген» - 15 оқушы, «кеткен» - 54 оқушының мәліметтері де уақытында жазылған. Оқу жылы аяғындағы алфавиттік кітаптағы оқушы саны – 580.

А-78 Г-2 Е-26 И-17 М-80 Ө-2 Т-35 Ы-1 Я-1
 Ә-13 F-2 Ж - 51 К-49 Н-28 Р-9 У-6 Х-1
 Б-63 Д-15 З-8 Қ- 38 О-20 С-55 Ұ-2 Ш-7

Қорытынды: Алфавиттік кітаптың жүргізілуі іс құжаттарды жүргізу талаптарына сай рәсімделген. Оқу жылының соңындағы статистикалық есепке класс оқушыларының саны мен мектептің жалпы оқушы саны (609 оқушы) сәйкес болды. Алфавиттік кітап пен жеке іс құжаттарындағы оқушының алфавиттік нөмерінің сәйкестігі талапқа сай, «қанағаттанарлық» деңгейде.

III. Оқушылардың жеке іс - құжаттары

Мектептің жылдық жоспарына сәйкес 2020-2021 оқу жылы барысында оқушылардың жеке іс қағаздары үш рет тексерілді: қазан, ақпан, маусым айларында. Тексеру барысында оқушы жеке іс құжатының жалпы жүргізілуі, оқу жылы бойынша деректердің толтырылуы тексерілді.

Тексеру төмендегі бағыттарды қамтыды:

1. 2020-2021 оқу жылындағы әр кластың оқушылар тізімінің талапқа сай болуы;
2. Тізімде оқушылар қозғалысы бойынша бұйрықтардың уақытында жазылуы;
3. Тізімге сай оқушылардың жеке іс-қағазының түгел болуы;
4. Алфавиттік нөмірлерінің сәйкестігі;
5. Оқушы фотосуреттерінің болуы және негізгі, орта сатыда жаңартылуы;
6. Табельдің нөмірленуі, толтырылуы;
7. 2020-2021 оқу жылының жазбаларының толтырылуы;
8. Жеке іс -қағаздарының жалпы жағдайы.

Тексеру барысында анықталғаны:

1. Әр кластың жеке іс- қағаздары жинақталған, папкалары түгел (26 папка). Алғашқы беттегі тізімдері талапқа сай.Тізімде мәліметтер толтырылған. Тексерілген уақыттағы барлық оқушы саны-580.
2. Тізім бойынша “келген” оқушы -15, “кеткен” оқушы-54. Тізімде қозғалыс бойынша бұйрықтар жазылған.
3. Жеке іс-қағаздары түгел.(580 жеке іс-қағазы)
4. Алфавиттік нөмірлері жеке іс-қағазындағы алфавиттік нөмірлеріне сәйкес.
5. Оқушылардың фотосуреттері түгел жапсырылған.
6. Оқушы табельдері нөмірленген.
7. 2020-2021 оқу жылының жазбалары(I,II,III,IV тоқсан, жылдық бойынша) толық түсірілген.
8. Оқушы жеке құжатының(туу туралы куәлік) көшірмелері түгел жинақталған.
9. Оқушылардың тұрғылықты жерінде тіркелуі сараланды.Әр класта “Оқушылардың тұрғылықты жері туралы деректер тізімі” жасалған. Мектеп бойынша бүгінгі таңда өзінің тұрғылықты мекен- тұрағында тіркелгені -491, бұл-барлық оқушының 80,6%-ы. Басқа мекен- тұрақта тіркелгені -118 оқушы, бұл-барлық оқушының 19,4%-ы. Басқа мекен-тұрақта тіркелген оқушылардың ішінде Ақтөбе қаласында тіркелмей басқа аудандарда тіркелгені- 4 оқушы, бұл-барлық оқушының 0,7%-ы. Олар:1 А класынан Тыныштықбай Н. Әйтеке би ауданында,8”А” класынан Сағитжанова Дильназ Алға ауданында, 2”А” класынан Жұбанұлы Е, Мұғалжар ауданы, Қайыңды ауылында, 9”Ә” класында Сағитжан Н. Алға ауданы,Есет батыр ауылында тіркелген. Мекен -тұрақта мүлде тіркелмеген оқушы жоқ.
10. 2019-2020 оқу жылының жазбалары толық түсірілген.
11. Оқушылардың жеке іс- қағаздары талапқа сай таза жүргізілген.

Қорытынды:Оқушылардың жеке іс- құжаттары талапқа сай жүргізілген және “қанағаттанарлық” деңгейде.

IV. Бақылау үзгі

Білім сапасын саралау мақсатында барлық пәннен II жарты жылдық бойынша **бақылау үзкітері** алынды. Оның ішінде 2 – 4, 5 – 11 - кластардан ТЖБ негізінде, аптасына 1 рет болатын пәндерден БЖБ негізінде алынды.

Нәтижесінде:

№	Әдістемелік бірлестіктер	I жарты жылдық		II жарты жылдық		Салыстыру
		Сапа көрсеткіші	Рейтинг	Сапа көрсеткіші	Рейтинг	
1	Бастауыш кластар	77,3%	1	76,4%	1	-0,9
2	Қазақ тілі	73,9%	2	68,8%	3	-5,1
3	Орыс тілі	73,7%	3	73,9%	2	+0,2
4	Шетел тілі	66%	4	62,1%	5	-3,9
5	Жаратылыстану	63,3%	5	65,6%	4	+2,3
6	ИФМ	60%	6	61,6%	6	+1,6
7	Тарих	58,2%	7	60,9%	7	+2,7

Бақылау үзіктерінің нәтижесін саралай отырып, төмендегідей **қорытынды** жасалды:

1. Бақылау үзігі бойынша әдістемелік бірлестік арасында ең жоғары сапа көрсеткіші – 76,4% (бастауыш), ең төменгі сапа көрсеткіші –60,9 % (тарих). І жартыжылдықпен салыстырғанда орыс тілі, ИФМ, Жаратылыстану, Тарих пәндері бойынша өсу байқалды.
2. Бақылау үзігіне оқушылардың толық қатысымын қамтамасыз етілуі тиіс деп ескертілді. Барлық мұғалім оқушылардың бақылау үзігіне толық қатыстыруға ерекше көңіл бөліп, оқушылардың толық қатысуын қамтамасыз етті.
3. Жеке пән мұғалімдері бойынша бақылау үзіктерін саралағанда, ең жоғары сапа көрсеткіші:
 1. Сәрсенғалиева С.С. – 87,6% (бастауыш класс)
 2. Абдрахова Ж – 85,3 % (қазақ тілі)
 3. Машимова А – 85,2 % (бастауыш класс)
 4. Утарбаева К.Б. – 82,2 % (орыс тілі)
 5. Какенова К.Г. – 81,05 % (орыс тілі)
4. Жеке пән мұғалімдері бойынша бақылау үзіктерін саралағанда, ең төмен сапа көрсеткіші:
 1. Утебаева Б.Р – 50 % (физика)
 2. Төленияз Г.І. – 54,5 % (математика)
 3. Дүйсенова Г – 55,5% (қазақ тілі)
 4. Әлібекова Г.Ә. – 57% (шет тілі)
 5. Муханбердиева Н. – 57,6% (информатика)

Ұсыныс: Бақылау үзіктерінен І жартыжылдықпен салыстырғанда төмендеу байқалған бірлестіктер мен ең төмен сапа көрсеткішін көрсеткен пәндер бойынша пән мұғалімдері Төленияз Г.І., Муханбердиева Н., Г.Дүйсенова., Б.Утебаева, Әлібекова Г.Ә. алдағы уақытта қосымша материалдарымен жұмыстанып, төмен сапа көрсетуінің себептерін анықтасын. Сапа көрсеткішін көтеру көзделсін.

V. Қорытынды аттестаттау

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау – білім алушылардың тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында қарастырылған оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім. Биылғы 11-класс оқушыларын қорытынды аттестаттауға дайындау жұмыстары мектептің белгіленген жұмыс жоспарына сай жүргізді. Нәтижесі мектептің қорытынды аттестаттауында (емтихан) көрініс алады.

2020-2021 оқу жылында қорытынды аттестациялауға дайындауда ауқымды жұмыстар жүргізілді. Мектеп директорының №116 бұйрығымен (25.09.20) мектепшілік мемлекеттік аттестацияға дайындау орталығы құрылды. Мектепшілік мемлекеттік аттестацияға дайындау орталығы құрамына мектеп директоры, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, класс жетекшісі, пән мұғалімдері, мектеп психологі енді. Тест орталығы жылдық жұмыс жоспарын жасап, оқу жылы барысында сол бекітілген жоспар бойынша белгіленген шаралар жүзеге асты.

Қорытынды аттестациялауға дайындық таңдау пәнін анықтау жұмысынан басталды. Мамандық таңдау, жан-жақты түсіндіру барысында оқушылар таңдау пәнін айқындады. Қыркүйек айында оқушылар таңдау пәнін ата-аналарымен ақылдасып, бірлесе отырып шешті. Нәтижесінде 11-класстың 32 оқушысының жаңа формат бойынша таңдау пәні: физика/математиканы 10 оқушы, ағылшын тілі/жалпы тарихты 3 оқушы, жалпы тарих\ ағылшын 3оқушы, география\ математика 6 оқушы, математика\ география 1 оқушы, география\ағылшын 1оқушы, биология\ химия 3оқушы, биология\география 1оқушы, география\биология 2 оқушы, жалпы тарих\АҚҚ -1 оқушы, Қазақстан тарихы\ оқу сауаттылығы 1 оқушы. Таңдау пәнін нақтылау қаңтар айында қайта жүргізілді. Оқу жылы барысында мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері, ата-аналар, оқушылар қатысқан ата-аналар жиналысы өткізілді. Бұл жиналыста (№2хаттама, 26.09.20 ж.) оқушылар, ата-аналар мемлекеттік қорытынды аттестаттауға және жаңа форматтағы ҰБТ-ға дайындау нұсқаулығымен таныстырылды. Оқушылардың үлгерімі талданды.

Тест орталығымен үнемі байланысты жұмыс жасалды. Оқу жылы барысында 5 рет сынама тест алынды. Сынама тест айына бір реттен өткізіліп отырды. Нәтижесінде:

№	Оқушының аты-жөні	№1.22.10	№2. 3.12	№3. 21.01.	№4. 21.02	№5. 24.03	Барлық ұпай
1.	Адиұлы Әділет	55	48	49	42	50	244
2	Алмағанбетова Мерей	89	49	66	54	67	325
3	Асқарқызы Арайлым	31	48	44	49	51	223
4	Ахметов Даниял	30	40	34	-	30	134
5	Ахметова Дильназ	54	49	70	42	68	283
6	Ахметова Жансая	117	88	52	-	100	357
7	Байдолла Шыңғыс	55	40	45	38	45	223
8	Бегімбетова Сандуғаш	59	35	40	53	59	246
9	Ермағанбет Мирас	72	50	71	62	74	329

10	Идрисова Саида	104	87	85	82	109	467
11	Иманғалиева Акмарал	86	59	73	46	80	344
12	Иманғалиева Жанару	63	71	85	88	97	404
13	Исмағұлова Айжан	90	80	88	82	93	433
14	Қушқимбай Махаббат	71	42	55	54	74	296
15	Қонысов Абусан	38	39	33	-	-	110
16	Қорғантаев Махамбет	45	43	57	49	65	259
17	Қосуақова Сабина	31	33	36	-	32	132
18	Құмарова Айтансық	88	65	69	63	80	365
19	Мәжит Мадина	85	92	66	-	66	309
20	Миндыбаев Алишер	50	34	49	42	45	220
21	Мирамов Бекзат	53	55	61	-	60	229
22	Михайлова Аида	61	44	39	66	45	255
23	Мырзабаев Айбек	42	39	35	32	45	193
24	Нугманова Айгерим	87	53	65	72	101	378
25	Нургужина Дильназ	96	61	-	63	73	293
26	Рақат Гауһар	64	65	77	61	76	343
27	Сагиндикова Амина	36	46	51	27	61	221
28	Салимова Сабина	80	56	71	55	70	332
29	Салықжанов Айдар	40	30	30	24	33	157
30	Серіков Айым	33	39	55	39	52	218
31	Тынышқали Гүлназ	117	77	96	76	103	469
32	Хамитова Аружан	110	65	42	71	79	367
	Барлық ұпай	2132	1722	1789	1432	2083	9158
	Орташа ұпай	66,6	53,8	57,7	55	67,1	286,1

II. Мектеп бойынша 9-класстың оқушылар саны – 46. Оның барлығы қорытынды аттестаттауға, яғни мемлекеттік емтиханға жіберілді. 46 оқушы емтиханды толық тапсырды.

Нәтижесінде:

Класы	Барлық оқушы саны	Емтихан тапсыратын оқушы саны	Пәні	Емтихан бағасы				Үлгерім	Сапа	Емтихан алушы мұғалімі
				«5»	«4»	«3»	«2»			
9«А»	24	24	Қазақ тілі	4	11	9	-	100%	62,5%	Абдраухова Ж.
9«Ә»	22	22	Қазақ тілі	3	15	4	-	100%	81,8%	Машимова А.
9-класс	46	46	Қазақ тілі	7	26	13	-	100%	71,7%	
9«А»	24	24	Математика	1	8	15	-	100%	37,5%	Төленияз Г.І
9«Ә»	22	22	Математика	0	12	10	-	100%	54,5%	Төленияз Г.І.
9-класс	46	46	Математика	1	20	25	-	100%	45,6%	
9«А»	24	24	Орыс тілі	3	10	11	-	100%	54,1%	Джаксыбаева А.
9«Ә»	22	22	Орыс тілі	3	12	7	-	100%	68,1%	Утарбаева К.Б.
9-класс	46	46	Орыс тілі	6	22	18	-	100%	608%	
Барлығы:			138// 46	14	68	56	-	100%	59,4%	

1. Қорытынды: Емтихан Білім және ғылым Министрінің 18.03.2008 ж. №125 бұйрығымен бекітіліп, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгі ережелері» қатаң басшылыққа ала ұйымдастырылды және өз дәрежесінде өтті. Барлық оқушы өз білім деңгейлерін дәлелдеді. Емтиханда «қанағаттанарлықсыз» баға алған оқушы болған жоқ. Үлгерім - 100%, сапа – 59,4%.

Мектеп бойынша 11-класстың оқушылар саны – 32. Оның 31 оқушысы қорытынды аттестаттауға жіберілді. 1 оқушы - Мажит Мадина денсаулығына байланысты ДҚК-ның шешімімен, ОББ №137 бұйрығы

19.05.2021 ж. мектептің 24.05.2021 жылғы № 44 бұйрығы негізінде емтиханнан босатылды. Қорытынды аттестаттауды емтихан нысанында тапсырды.

Нәтижесінде:

Класы	Барлық оқушы саны	Емтихан тапсырғ. оқушы саны	Пәні	Емтихан қорытындысы				Үлгерім	Сапа	Пән мұғалімі
				«5»	«4»	«3»	«2»			
11«А»	32	31	Қазақ тілі	11	15	5	-	100%	83,8%	Дүйсенова Г.
	32	31	Қазақ әдебиеті	12	12	7	-	100%	77,4%	Дүйсенова Г.
11-класс	4/32	62/31	Қазақ тілі мен әдебиеті	23	27	12	-	100%	80,6%	
11-класс	32	31	Алгебра және анализ бастамалары	10	13	8	-	100%	74,1%	Сагынбаева Г.
11-класс	32	31	Алгебра және анализ бастамалары	10	13	8	-	100%	74,1%	
11«А»	32	31	Қазақстан тарихы	11	12	8	-	100%	74,1%	Кунратбаева А
11-класс	32	31	Қазақстан тарихы	11	12	8	-	100%	74,1%	
11«А»	32	31	Орыс тілі	11	15	5	-	100%	83,8%	Утарбаева К.Б. Какенова К.Г.
11-класс	32	31	Орыс тілі	11	15	5	-	100%	83,8%	
Барлығы: 160				55	67	33	-	100%	78,7%	

Қорытынды:

1. Емтихан Білім және ғылым министрінің 18.03.2008 ж. №125 бұйрығымен бекітілген және өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелері» қатаң басшылыққа ала ұйымдастырылды және өз дәрежесінде өтті. Оқушылар өз білім деңгейлерін дәлелдей білді. «2» алған оқушы болған жоқ. Үлгерім - 100%,сапа –78.7 %.
2. Мектеп ұжымының қорытынды аттестаттау бағытындағы жылдық жұмысы «қанағаттанарлық» деңгейде. Жалпы орта мектеп бойынша 5 оқушы «Алтын белгі» аттестаты мен төсбелгісі иегері атанды, 4 оқушы үздік аттестатты иеленді.

Ұсыныс:

- 1.Жүйелі, жоспарлы ұйымдастырған жұмыстар жаңа оқу жылында да жалғастырылсын.
- 2.10-класс оқушыларына, «Алтын белгіден» үміткерлерге жазғы демалыс кезінен дайындық жұмыстарын жасауға тапсырма берілсін.
- 3.Мектеп психологтары қорытынды аттестаттауға түлектерді психологиялық жағынан қолдау жұмыстарын жүргізу міндеттелсін.

VI Үйден оқыту жұмысы

№34 орта мектебінде 2020–2021 оқу жылында үйден оқыту жұмысы 1 оқушымен жүргізілді. Ол: 8«Ә» класс оқушысы **Молдабаева Гүлденмен** ұйымдастырылды.

8«Ә» класс оқушысы **Молдабаева Гүлден** 2020-2021 оқу жылының 01 қыркүйегінен бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығы негізінде «Үй жағдайында жекелей түрде негізгі тегін оқытуды ұйымдастыру туралы» бұйрығы және сол құжатта берілген оқу жоспары сағаттары басшылыққа алынды. ДҚК-ң 10 тамыз 2020 жылғы №153 қорытындысы бойынша шығарылған №34 орта мектебінің №66 бұйрығы (01.09.20 жыл) негізінде 8«Ә» класс оқушысы **Молдабаева Гүлден** үйден оқытылды. 8-класс үшін белгіленген барлығы 18 сағат оқу жоспарына енгізілді. Аптасына 18 сағаттық жүктемемен үйде оқыту (қашықтықтан) ұйымдастырылды. Оқу жүктемесіне сәйкес аптасына қазақ тілі 2 сағат, қазақ әдебиеті 2 сағат, ағылшын тілі 2 сағат, орыс тілі 2 сағат, алгебра 2 сағат, геометрия -1 сағат, информатика - 1 сағат, физика - 1 сағат, химия- 1 сағат, биология - 1 сағат, Қазақстан тарихы 1 сағат, дүниежүзі тарихы 1 сағат – барлығы аптасына 18 сағат көлемінде оқытылды. Сабақ кестесі құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Жүктеме көлеміне сай пән мұғалімдері Дүйсенова Г., Жуманиязова Б., Утарбаева К., Сагынбаева Г., Бахиева С., Мухамедиярова Н., Кубланова А., Алгазина Р., Айжарикова А., Есеркенова А. күнтізбелік жоспарды құрып, оны мектеп директорына бекітті. Мұғалімдер үйден оқытуға бекітілген сабақ кестесіне сай қашықтықтан сабақтарын уақытында өткізіп отырды. Үйден оқыту электронды журналы дер кезінде толтырылды. Оқушының БЖБ және ТЖБ бағалары жеке журналынан электрондық журналына сәйкестендіріле түсірілді. Жылдық оқу бағдарламасы толық орындалды. Оқу бағдарламасын оқу жүктемесіне сай меңгергендігін негізге ала отырып, оқушы

25.05.2020 жылғы №7 педкеңес шешіміне сай оқушы 9-класқа көшірілді. Мектеп психологі Бухарбаева А., әлеуметтік педагогі Азаматова Г., класс жетекшісі Р.Алғазина үйден оқитын оқушының үйіне барып, баланың жағдайымен танысып, ата-анасымен байланыс жасап отырды. Ата-анасы тарапынан наразылықтар, ескертулер болған жоқ.

Мұғалімдер үйден оқытуға бекітілген сабақ кестесіне сай ZUM, WhatsApp платформалы арқылы сабақтарын уақытында өткізіп отырды. Электронды журнал дер кезінде толтырылды. Оқушының бағалары жеке журналынан электрондық журналына сәйкестендіріле түсірілді. Үйден оқыту бойынша жоспарланған оқу бағдарламасы толық орындалды.

Қорытынды:

1. Үйден оқыту құжаттары (ДКК қорытындысы, мүгедектік туралы анықтама, мектеп бұйрығы, оқу жоспары, күнтізбелік жоспар, оқушының жеке журналы, жүктеме көлемі) талапқа сай жинақталған.
2. Оқу жылы барысында үйден оқыту жұмыстары талапқа сай жүргізілген.
3. Белгіленген оқу бағдарлама толық орындалған.

ҮІІ Инклюзивті оқыту

Жаңа оқу жылында оқитын ерекше оқытуды қажет ететін балалар туралы деректер базасы құрылып, анықтамалармен танысып, ҚББ сұраныс берілді.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген жалпы білім беретін ұйымдардың қызметінің үлгілік қағидаларының 18 тармағы негізінде бұйрық шығарылып 2020-2021 оқу жылында №34 орта мектебінде инклюзивті білім алатын 4 оқушы бар. 2“А” класс оқушысы Амангельдина Айша, 7“Ә” класс оқушысы Инжилисова Жұлдыз, 6“Б”класс оқушысы Жеткерген Марғұлан, 4“А” класс оқушысы Амангельдин Илияспен оқыту жұмыстары ұйымдастырылды.

Бастауыш мектепте ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның орытындысына сәйкес ҚР БҒМ 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығымен бекітілген арнайы оқу бағдарламалары бойынша

Амангельдина Айшаның диагнозы 2-х сторонняя нейросенсорная тугоухость IV ст.. Состояние после КИ, Қалалық психологиялық–медициналық педагогикалық кеңес қорытындысы №277663, 03.07.2020. Мүгедектік анықтамасы №2398928, 25.04.2019ж.

Амангельдин Илиястың диагнозы 2-х сторонняя нейросенсорная тугоухость IV ст.. Состояние после КИ, Қалалық психологиялық–медициналық педагогикалық кеңес қорытындысы №277713, 03.07.2020. Мүгедектік анықтамасы №2060321, 10.09.2018ж.

Жеткерген Марғұланның диагнозы Врожденная внутренняя гидроцефалия в степ. Субкомбинсация . Қалалық психологиялық–медициналық педагогикалық кеңес қорытындысы №2596, 07.09.2020. Мүгедектік анықтамасы №2060007, 21.06.2018ж.

Инжилисова Жұлдыздың диагнозы 2-х сторонняя нейросенсорная тугоухость IV ст Қалалық психологиялық–медициналық педагогикалық кеңес қорытындысы №28141, 18.08.2020 ж . Мүгедектік анықтамасы №2060347,17.09.2018ж.

2020–2021 оқу жылының «Инклюзивті білім беруде жүзеге асыратын жалпы білім беру ұйымдарында оқытудың ерекшеліктері туралы нұсқаулығы» негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынып, ЕОҚЕ оқушыға сабақ беретін мұғалімдерді анықталды.

Ерекше қажеттіліктері бар оқушыға кең және арнайы қолдау көрсету мақсатында класс жиналыстары өткізіліп, ата –аналар мен оқушыларға түсіндіру бағытында жұмыстар жүргізілді.

Ерекше жағдайдағы оқушыларға қолдау көрсету мақсатында № 111бұйрық негізінде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрылуына орай әр тоқсан сайын психологиялық- педагогикалық консилиум жыл басынан бері 4 рет өткізілді. I-IV тоқсанның педагогикалық консилиумдары елімізде орын алған төтенше жағдайларға байланысты санитарлық талаптарға сай ЗУМ платформасымен өткізілді. Инклюзивті білім алушылардың ата-аналарымен жұмыс барысында мектептің жылдық жоспарына сәйкес жұмыстар қамтылды. Мектеп директоры және орынбасарлары, мектеп психологы , әлеуметтік педагог, пән мұғалімдері мен медбике тарапынан баяндамалар оқылып, тақырыптарға орай бейнефильм көрсетілді. Сұрақ-жауап, пікірталас арқылы өз ойларын ортаға салды. Инклюзивті білім алушылар 4-еу, үйден оқыту жағдайында білім алушы-1-еу, олар толық үлгеріммен оқу жылын аяқтады.

Инклюзивті және үйден оқитын білім алушылармен мектеп психологтары жұмыстануда. Мектеп медбикесі тарапынан үнемі денсаулықтарына көңіл бөлінеді. Медициналық тексерілу, белгіленген емдерін уақытында алу, балалардың көңіл-күйін үнемі назарда ұстайды. Мектептің әлеуметтік педагогы Азаматова Гауһар Құттығұлқызы мен класс жетекші тарапынан тұрмыстық зерттеу жүргізіп, ата-анамен пікірлесіп отырады.

Инклюзивті білім беру жағдайында оқытылатын оқушыны оқытатын педагогтардың біліктілігін арттыру бағытында курсқа қатысу ұйымдастырылды. Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай оқушыға зерделеу жұмыстары, үйірмелерге тарту, психологиялық диагностикалық зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Ерекше оқытуды қажет ететін оқушының әлеуметтік жағдайы бақыланды. Психологиялық – педагогикалық мониторингтер жүргізіліп отырды.

Ерекше оқытуды қажет ететін оқушылар мектепшілік, қалалық, облыстық деңгейде өтетін іс шараларға қатысуы қадағаланды. 7 «Ә» класс білім алушысы Инжилисова Жұлдыз қазақ тілі пәнінен мектепшілік «Абай-дара тұлға» тақырыбында эссе жазды. Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Какенова Каламкас Гельманқызы «Пословицы и поговорки» тақырыбында эссе жаздырды. Қыркүйек айында тарих пәнінің мұғалімі А.Есеркенованың ұйымдастыруымен өткізілген «Тарихи тұлғалар туралы не білеміз?» тақырыбындағы викториналық сұрақтарға қатысты. Мектеп психологі Досжан Райнұрдың ұйымдастыруымен өткізілген «Тал.Үй.Ағаш» атты тренингке қатыстырды. Шетел тілінің мұғалімі Әлібекова Гүлзат Әзірбайқызының басшылығымен «My school» тақырыбында эссе жазды. Үстіміздегі жылдың қыркүйек айында 6 «Б» класс білім алушысы Жеткерген Марғұлан қазақ тілі пәнінен «Тілім бар да...» тақырыбында эссе орындады. Қазан айында орыс тілі пәнінің мұғалімі Заянчуковская Лариса Анатольевнаың жетекшілігімен «Стихи о природе» тақырыбында өлең оқыды. Қараша айында «Тылсым табиғат» зерттеу жұмысын жүргізді. Желтоқсан айында «Жасөспірім-2021» мектепшілік көрме жұмыстарына қатысып, белсенділік танытты. Қаңтар айында мектепшілік «Өлең сөздің патшасы-сөз сарасы» Абай оқуларына белсене қатысты. Сонымен қатар Республикалық шығармашылық байқау «Онлайн Абай оқуларына» қатысып, нәтижесі күтілуде. Әз Наурыз мерекесіне орай Наурыз тақырыбында сурет салды. 4"А" класс білім алушысы Амангелдин Илияс мектепшілік өткізілген «Отбасы –бақыт мекені апталығында «Мен және менің отбасым» тақырыбындағы сурет көрмесіне қатысты. «Язык всем знаниям и всей природе ключ» атты орыс тілі апталығында «Язык мой-друг мой» сурет көрмесіне қатысты. 2"А" класс білім алушысы Амангелдина Айша мектепшілік өткізілген «Отбасы –бақыт мекені апталығында «Мен және менің отбасым» тақырыбындағы сурет көрмесіне қатысты. «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты мәнерлеп оқу апталығына қатысты. Ғаламтор желісі бойынша республикалық «Алтын сақа» дүниетану пәні бойынша республикалық олимпиадасына қатысып, сертификатқа ие болды. Жоғарыда аталған білім алушылар жас ерекшеліктеріне орай және өтпелі кезеңге байланысты мектепшілік және мектептен тыс шараларға қашықтық жағдайында қатысты.

Қорытынды: Ерекше оқытуды қажет ететін баламен жүргізілген жұмыс өз деңгейінде ұйымдастырылды.

Қорытынды:

1. Мемлекеттік стандарт негізінде бекітілген оқу жұмыс жоспары толық орындалды.
2. Мектептің үлгерімі - 100%, білім сапасы – 56,9%. Бұл көрсеткіш I тоқсанда – 49,9%, II тоқсанда – 48,5%, III тоқсанда – 53,7%, IV тоқсанда – 51,9%, Салыстыру барысында жылдық көрсеткіштің әр тоқсан сайын өзгергендігі анықталды және «қанағаттанарлық» деңгейде деп танылды.
3. Қатаң есептегі кітаптардың толтырылуы іс құжаттарды жүргізу талаптарына сай жүргізілген.
4. Алфавиттік кітаптың жүргізілуі іс құжаттарды жүргізу талаптарына сай рәсімделген.
5. Оқушы жеке іс қағазының жүргізілуі талапқа сай және 2020 – 2021 оқу жылы бойынша тиісті жазбалар түгел толтырылған деп қорытындыланды.
6. Класс журналын жүргізу талапқа сай.
7. ОЖСБ-н жылдық жұмысы «қанағаттанарлық» деп танылды.
8. Емтихан Білім және ғылым Министрінің 18.03.2008 ж. №125 бұйрығымен бекітілген және өзгерістер мен толықтырулар енгізілген оқушылардың «Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгі ережелері» қатаң басшылыққа ала ұйымдастырылды, өз дәрежесінде өтті. Барлық оқушы өз білім деңгейлерін дәлелдеді. Емтиханда «қанағаттанарлықсыз» баға алған оқушы болған жоқ.
9. Үйден оқитын оқушылардың құжаттары (ДКК қорытындысы, мектеп бұйрығы, оқу жоспары, күнтізбелік жоспар, оқушының жеке журналы, жүктеме көлемі) талапқа сай, оқу жылында үйден оқыту жұмысы талапқа сай жүргізілді, жылдық оқу бағдарлама толық орындалды.
10. Ерекше оқытуды қажет ететін баламен жүргізілген жұмыс өз деңгейінде ұйымдастырылды.

Әдістемелік қызмет проблемасын шешуге бағытталған іс-шаралар.

Әдістемелік тақырыпты, оның міндеттерін шешуге бағытталған жұмыстар жыл бойы жүзеге асырылды:

- Жылдық жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілді.
- Мұғалімдердің мақала,баяндама,сабақ жоспарларын республикалық, облыстық ғылыми –әдістемелік газет-журналдарында жариялау ісі жалғастырылды.
- Дарынды балалармен жұмыс нәтижелі жүргізілді.
- Озық іс-тәжірибелерді тарату мақсатында қалалық, облыстық деңгейде семинарлар өткізілді.

Әдістемелік құралдар мен электрондық оқулықтар шығарылды.

- Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтеру жұмыстары одан әрі жүргізілді.
- Мектепшілік әдістемелік пән бірлестіктерінің апталықтары мен семинар, дөңгелек үстелдер уақытында өткізілді.

Жас мамандармен жұмыс өз дәрежесінде өтті.

Әдістемелік жылдық жұмыс жоспары мектептің жалпы жылдық жоспарымен байланыстырыла отырып, мынадай бағыттарды басшылыққа алды:

- Әдістемелік кеңес
- Семинар,апталық,ашық сабақтар, дөңгелек үстел, кластан тыс шаралар
- Жаңашылдық жұмыстар
- Жас мамандармен жұмыс
- Педагогикалық іс-тәжірибелерді тарату

Мектепте 9 әдістемелік пән бірлестігі бар, олар:

1. Бастауыш кластар ӘБ,бірлестік жетекшісі Ғазизова А.Қ.
2. Қазақ тілі мен әдебиеті ӘБ, бірлестік жетекшісі Абдраухова Ж.Ж.
3. Орыс тілі мен әдебиеті ӘБ, бірлестік жетекшісі Какенова К.Г.
4. Шетел тілімен ӘБ, бірлестік жетекшісі Жуманиязова Б.Ж
5. ИФМ ӘБ, бірлестік жетекшісі Дәулетбай С.С.
6. Жаратылыстану ӘБ, бірлестік жетекшісі Алгазина Р.К
7. Эстетикалық пәндер ӘБ, бірлестік жетекшісі Баймуханова Г.М
8. Дене тәрбиесі ӘБ, бірлестік жетекшісі Бекмуратов Х.А
9. Тарих және қоғамдық пәндер ӘБ, бірлестік жетекшісі Есеркенова А.К.


Әрбір әдістемелік бірлестіктің жылдық жоспарлары құрылған,мектептің жалпы және әдістемелік жоспарымен байланыстырылған. Әдістемелік бірлестік жетекшілері тұрақты, бекітілген. Жыл аяғында жүргізілген әдістемелік жұмыстар бойынша әр әдістемелік бірлестік жетекшілерінің қорытынды талдау есептері алынды.

I. Кадрмен жұмыс (сапалық, сандық құрам, білім жетілдіру, аттестатция)

2020-2021 оқу жылында № 34 орта мектепте білім беретін қызметкерлерінің саны – 54 Осы құрам ішінде 1 тәлімгер, 1 әлеуметтік педагог, 1 кітапханашы, 1 психолог жұмыс жасады. Оның ішінде 49 жоғары білімді маман, ол ұжымның 90,7%, 5 – орта арнаулы білімді маман 9,2 % құрады. Мектебімізде жоғары санатты мұғалім –6 (10,9%), педагог-зерттеуші-10 (18,1%),I санатты – 4 (7,2%), педагог-сарапшы-8 (14,5%),II санатты – 8(14,5%),педагог-модератор- 2(3,6%),санаты жоқ мұғалімдер саны17 – (30,9%).


Үш жыл бойынша мұғалімдердің сапалық құрамы:

Жылдар	2018-2019	2019-2020	2020-2021
Жалпы саны	50	52	54
Білімі	жоғары-42 (84%) орта арнаулы-8(16%)	жоғары-45 (87%) орта арнаулы-7(13%)	жоғары-49 (90,7%) орта арнаулы-5(9,2%)




Мұғалімдердің санаты

Жылдар	2018-2019	2019-2020	2020-2021
Жалпы саны	50	52	54
